

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». - 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 170-172.

УДК 632.913:635.77 (574.51)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРДІҢ ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

*Балабек А.Н., 2 курс магистранты
«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Алматы қ.*

Түйін. Мақалада Алматы қаласындағы жасыл желектердің түр құрамы және ағаштар мен бұталардың сандық көрсеткіштері көрсетілген. Соңғы жылдары қаланың жасыл желектеріндегі негізгі мәселелер, ағаштарды зақымдайтын басымды зиянкестері мен залалдайтын аурулары туралы ақпараттар баяндалған.


Түйін сөздер: Жасыл желектер, түр құрам, санитарлық жағдай, зиянкестер, аурулар.

Кіріспе. ҚР Президенті Қ.Тоқаев өзінің 1 қыркүйектегі жолдауында қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму еліміздің күн тәртібінің бірінші жоспарына шығады деп мәлімдеді. Бес жыл ішінде орман қорында 2 миллиардтан астам және елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызылады. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл акция біздің елімізді ауқымды көгалдандыруға алып келеді. Сондай-ақ, ҚР Президенті қазіргі уақытта елорданың айналасында жасыл белдеу құру мәселесі өткір тұрғанын атап өтті [1].

Қазақстан шағын орманды мемлекеттер қатарына жатады. Министрліктің мәліметінше, орман қоры жерінің жалпы ауданы 30 млн га құрайды. Бұл ел аумағының 11% - ын алып жатыр. Ормандардың ең көп аудандары Қызылорда, Жамбыл облыстарында орналасқан. Бұл негізінен сексеуіл екпелері. Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында - ең құнды ағаш түрлерінің қоры шоғырланған. Олар: майқарағай, самырсын, балқарағай және шырша [2]. Басқа елдермен салыстырғанда, бұл төмен көрсеткіш. Қаладағы жасыл кеңістік экологиялық тұрғыдан үлкен рөл атқарып тұрғаны белгілі. Ал, ғалымдардың зерттеуінше, көше ағаштарының орташа өмір сүру ұзақтығы 7-10 жыл деп есептеледі [3].


Соңғы кезде антропогендік факторлар, ең негізгілерін атап айтқанда қаладағы автомобиль құралдарының көбеюі, ауа қозғалысын тежейтін биік ғимараттардың көптеп салынуы, жасыл кеңістіктердің заңсыз жойылуы мен жер шарының климаттық жағдайының күрт өзгерісі жасыл желектерге, оның ішінде қаланың жасыл кеңістігінің негізгі бөлігін құрайтын ағаштар мен бұталарға зор көлемде әсер етуде.

Алматы қаласында 2 миллион 352 мыңға жуық ағаш бар. Ағаштардың түр құрамы бойынша басымдық танытатын түрі көпжылдық, жапырақ тастайтын қарағаштың саны 890 689 түпке жуық. Бұл қала жасыл желектерінің 41,6%-ына тең. Келесі орында әр түрлі тұқымдас ағаштар 24,7%-ды құрайды, шамамен 529 126 түп. Үйеңкі ағаштары 11,5%, жалпы саны 245 029 түп. (1-диаграмма) [4]



1 сурет - 2018-2019 жж. Алматы қаласының жасыл желектеріндегі тұқымдық құрамы бойынша ағаштар мен бұталарының санын есепке алу нәтижелері

Ал жасыл желектердің санитарлық жағдайын бағалау бойынша, сау жасыл желектер, әлсіз жасыл желектер, қураған және апатты жағдайда тұрған жасыл желектер деген топтарға бөлеміз. Оның ішінде сау жасыл желек – 1 миллион 800 мың, әлсізі – 459 мың, қураған және апатты жағдайда тұрғаны – 77 мың.(2-диаграмма) Мамандар қаланың жасыл желектерін бақылап, апатты ағаштардың қай жерлерде екенін анықтаған.Қазір мердігер ұйымдардың күшімен апатты жағдайдағы 27 ағаш кесілген.



2 сурет - Жасыл желектердің санитарлық жағдайы

Қаланың жасыл желектеріне орманпотологиялық мониторинг жүргізу барысында 30-дан астам зиянкестер мен әртүрлі инфекциялық және инфекциялық емес аурулар кездесті. Олардың арасында кірме (инвазивті) немесе басқаша айтқанда, біздің аймақта бұрын-соңды болмаған алыс-жақын шетелдерден кірген зиянкестер қара ағаштың зигзаг жасап егеуіші (*Aproceros leucopoda*), еменнің үңгі егеуіші (*Profenusa pygmaea*), мәрмар қоңызы (*Halyomorpha halys*) т.б. бар. Ал, аурулардан шеткі жапырақ некрозы, инелер мен жапырақтардың сарғаюы, ақ ұнтақ, татсаңырауқұлақтары және жапырақ мозаикасы.

Республикамыздың көптеген елді мекендерінде жасыл желектерді зиянкестер мен аурулардан қорғауда химиялық өңдеудің кемшіліктері ескерілмей жүргізілуде. Өңдеу барысында алғашқы кезде зиянкестер мен аурулар жойылып жақсы нәтиже көрсеткенімен, кейінірек олардың жасырын зияндылығы орын ала бастайды. Сондықтан жасыл желектер мен орманды зиянды ағзалардан қорғау шаралары ғылыми негізделген болуы тиіс.

Аталған шаралар негізінде Алматы қаласының жасыл желектерін аурулар мен зиянкестерден қорғауда Ақ көбелек (*Bacillus thuringiensis* ssp. *kurstaki*), «Греен ГОЛД» (*Azadirachta indica*), Битоксибациллин П (*Bacillus thuringiensis* var.), Фитоспорин-М, Экстрасол және басқа да биопрепараттары пайдаланылады. Қорғау шараларын экологияландыру, тұрғындардың денсаулығын және қоршаған ортаны сақтауда таптырмас тәсіл екендігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 S. Ahmadi, M. Yeganeh, M.B. Motie, A. Gilandoust., The role of neighborhood morphology in enhancing thermal comfort and resident's satisfaction Energy Reports. -2022. - Vol. 8. – P. 9046.
- 2 <https://strategy2050.kz/news/2-mlrd-a-ash-otyr-yzu-egiletin-a-ash-t-rleri-iske-asyratyn-yymdar-zh-ne-arzhylandyru-m-selesi/>

- 3 Mohammadreza B.M., Mansour Y., Mohammadreza B., Assessment of greenery in urban canyons to enhance thermal comfort & air quality in an integrated seasonal model [Text] / Applied Geography. – 2023. - Vol. 151. – P.102861.